

# Өзен

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ  
30 ЖЫЛ

№5 (63) мамыр 2021 жыл

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ



## Маңғыстау облысының әкімі Серікбай Тұрымовтың үндеуі!

ҚҰРМЕТТІ

МАҢҒЫСТАУЛЫҚТАР!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жаңа COVID-19 коронавирусын пандемия деп жариялауына байланысты азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының барлық аумағында 2020 жылғы 16 наурыздағы сағат 08:00-ден бастап 2020 жылғы 15 сәуірдегі сағат 07:00-ге дейінгі кезеңге төтенше жағдай енгізілді.

Осыған орай, төтенше жағдайдың күшінде болу кезеңінде мынадай шаралар және уақытша шектеулер енгізілетіндігін хабарлаймын:

1. Қоғамдық тәртіптің сақталуы, аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық, ерекше режимдік, режимдік және ерекше қорғалатын объектілердің, сондай-ақ халықтың тыныс-тіршілігін және көлік қызметінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін объектілердің күзетілуі күшейтілетін болады;

2. Ірі сауда объектілерінің жұмыс істеуіне шектеу қойылады;

3. Сауда ойын-сауық орталықтарының, кинотеатрлардың, театрлардың, көрмелердің және адамдар көп жиналатын басқа да объектілердің қызметі тоқтатылады;

4. Ойын-сауық, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шараларды, сондай-ақ отбасылық, салт-дәстүр іс-шараларын өткізуге тыйым салынады;



5. Қазақстан Республикасының аумағына көліктің барлық түрлерімен кіруге, сондай-ақ оның аумағынан шығуға шектеулер белгіленеді.

Құрметті жерлестер!

Әлемде өршіп тұрған коронавирус дертіне қарсы өңірімізде де қауіпсіздік шаралары күшейтілді.

Облыс әкімдігінде арнайы штаб жұмыс жасайды. Жағдай үнемі бақылауда. Бүгінгі күні 3 деңгейлік (инфекциондық, провизорлық, карантиндік) стационар қызметке дайын және барлығы 850 орын қамтамасыз етілген. Медицина қызметкерлері толықтай ақпараттандырылған және күшейтілген режимде жұмыс жасауда. Тұрғындардың барлық мазалаған сұрақтарына жауап беру үшін облыс бойынша 303060 нөмірінде, республика бойынша 1406 нөмірінде Колл

орталықтары қызмет етуде.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жаңа коронавирус инфекциясының таралуын болдырмау үшін қолдарыңыз бен бетті сабынмен жиі және мұқият жуу, қолды залалсыздандыруға арналған антисептиктерді қолдану, адамдар көп жиналатын орындарға бармау, науқас адамдармен байланыста болмау, суық тию белгілері пайда болған жағдайда тұрғылықты жеріңіз бойынша дәрігермен дереу кеңесу секілді алдын-ала сақтық шараларын ұстану қажеттігін ескертеді.

Сонымен қатар, әрбір азамат қазіргі қиын кезеңде өзіне артылған жауапкершілікті сезінуі тиіс. Сондықтан, көпшілік шараларды, тойлар мен садақаларды және өзге де отбасылық мерекелерді ұйымдастыру мен өткізуге және оларға баруға уақытша шектеу қоюларыңызды және бұл мәселеде түсіністікпен қарауыңызды сұраймын. Біз үшін азаматтардың өмірі мен денсаулығы ең басты құндылық.

Ерекше ескертетін жағдай, облыс аумағында азық-түлік қоры жеткілікті. Өңірді азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында тұрақтандыру қорына тиісті қаржы бөлінді.

Бүгінгі уақытша қиындықтарды тек қана ауызбіршілікпен және ынтымақ, бірлікпен еңсеретінімізге сенімдімін!

Маңғыстау облысының әкімі  
С.Тұрымов



Өндіріс тынысы

# Компания оңтайландыруды таңдайды

Өткен 2020-жыл әлемдік мұнай өнеркәсібі үшін өте қолайсыз жыл болды. Коронавирустық пандемияға байланысты сәуір айында мұнай бағасы соңғы оңжылдықтағы ең төменгі деңгейге дейін төмендеді. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына қарасты барлық компаниялар тобы сияқты біздің «Өзенмұнайгаз» АҚ (бұдан әрі-ӨМГ) компаниясын да бұл дағдарыс экономикалық құлдырауға алып келді.

Мұнай бағасының төмендеуі мен мұнай өндіру көлемінің шектелеуі салдарынан жоспар бойынша ӨМГ 2020-жылы 86 млрд. теңге көлемінде мәжбүрлі түрде шығын тартуы тиіс болатын.


Соған қарамастан ӨМГ өткен 2020-жылға қойылған негізгі міндеттерді, әсіресе дағдарыстың әсерінен шығындарды азайту, т.с.с. талаптарды толықтай орындады.

Энергетика министрлігінің тарапынан ОПЕК + мәмілесінің қатысушылары елдері енгізілген әлемдік деңгейдегі шектеулерге байланысты, ӨМГ бекітілген жоспар деңгейінде 5 341 мың тонна мұнай өндірді.

Сондай-ақ басқа да мұнай тапсыру, ілеспе және табиғи газ өндіру, қабатқа су айдау сияқты өндірістік көрсеткіштер аздаған ауытқумен жоспар деңгейінде орындалды (*төмендегі кестеде келтірілген*).

өндірістің тұрақты ырғағын қамтамасыз етуге қажетті шығындарды, процестерді, технологиялық операцияларды тоқтату жөнінде болып отыр.


Осылайша, мұнай бағасының төмендеуі салдарынан, компанияның экономикасына кері әсер ететін ең қымбат шығындарға талдау жасалды және бұл шығындар 2020-жылы қысқартылды, яғни пайдалануға тиімсіз, суланған 275 скважинаны тоқтату, жиі жерасты жөндеу жүргізіліп жүрген 195 скважинаны тоқтатып шығынын азайту және соған байланысты мердігер мекемелердің ЖАЖ бригадаларын азайту, 341 скважинаға ЭОТСК және ЭОВН жалға алуды тоқтату, кейбір ГТШ түрлерін азайту, 34 жаңа скважина бұрғылауын азайту, және т.с.с.



| Көрсеткіштер                  | Ө.Б.     | 2019 жыл | 2020 жыл |        | 2021 жыл жоба | 2021ж/2020ж ауытқуы |
|-------------------------------|----------|----------|----------|--------|---------------|---------------------|
|                               |          | нақты    | жоспар   | нақты  | ауытқу        |                     |
| Мұнай өндіру                  | мың тн.  | 5 579    | 5 341    | 5 341  | 0,0           | 5 565 223           |
| Орташа тәуліктік мұнай өндіру | тонн/тәу | 15 285   | 14 594   | 14 594 | 0,0           | 15 246 652,3        |
| Мұнай тапсыру                 | мың тн.  | 5 566,9  | 5 330    | 5 338  | 8             | 5 553 215           |
| Ілеспе газ өндіру             | млн. м3  | 448,8    | 507,4    | 509,6  | 2,2           | 530,9 21,3          |
| Табиғи газ өндіру             | млн. м3  | 2,271    | 2,143    | 2,158  | 0,02          | 2,143 0,0           |
| Қабатқа су айдау              | мың. м3  | 61 623   | 54 954   | 55 404 | 450           | 58 532 3 128        |

Өткен2020-жылғықолжеткізгенжетістіктердің бірі ретінде геология саласындағы табысты атап өткен жөн. Қарамандыбас кен орнының мұнай қабаттарының мұнайға қанығу қалыңдығымен шекарасын нақтылау нәтижесінде кен орын қоры 5,5 мың тоннаға, яғни 4,7 процентке өсті.

2021-осы тектес жұмыстар жүргізіліп, мұнай қорының өсімі 37 млн.тоннаны құрайды деп күтілуде, яғни өсім 25% болады.



2020-жылдың сәуірінде дағдарыс басталған кезеңнен бері, барлық өндірістік қызметкерлер оңтайландыру және шығындарды азайту процестеріне бір кісідей жұмылдырылды, және де бұл процесс 2021-жылы жалғасын тапты деп айта аламыз. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «ҚМГ Инжиниринг» ҒЗИ институтымен бірлесіп ӨМГ дағдарысқа қарсы сценарийлер мен іс-қимыл жоспарларды әзірледі, оларды бейнелеп айтқанда, сөреден шығарып, мұнайдың түрлі бағалары кезінде қолдануға болатындай кез келген уақытта талдау жасауға және нұсқаларды есептеуге қосымша уақытты қажет етпейді. Мәселе белгілі бір кезеңдегі нақты мұнай бағасына байланысты

Сонымен қатар, ӨМГ қызмет ететін ірі мердігер мекемелердегі жұмысшылар ұжымында тұрақтылықты сақтау үшін («Бұрғылау», «Кезби», МФС ЖИСС, көптеген транспорттық мекемелер сияқты), ӨМГ теріс экономикасына қарамастан, басшылық тарапынан мердігер мекемелердің негізгі жұмыс көлемін қысқартпауға шешім қабылданды.

Экономикалық себептерге байланысты, 2020-жылы ӨМГ кейбір стратегиялық жобаларды тоқтатуға мәжбүр болды. Қабатқа айдалатын теңіз суының орнына альбеноман суын пайдалануға көшу жобасының қымбат болуына байланысты уақытша тоқтатылды. СКҚ қажалу проблемасы бар скважиналарда тиімділігін көрсеткен ЕХРЕ (футеровка) қорғаныс қабаты бар СКҚ енгізу жұмыстары да уақытша тоқтатылды. Энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар, мысалы, ескі сынған БШСС жаңарту, жиілік түрлендіргіштерін (бұдан әрі-ЧРП) қуатты БШСС электр қозғалтқыштарына орнату, өндіруші скважиналар қорына ЧРП орнату да қаржыландыру себебінен қысқартылды. Сондай-ақ интеллектуалды кен орын бойынша жобалар, МГӨБ, МСАААЦ, МДЖЖЦ инфраструктураларын жаңарту бойынша көптеген жобалар, СКҚБ транспорт паркінің арнайы көліктерін жаңарту сияқты жұмыстар тоқтатылды.

Алайда, жоғарыда айтылған қиындықтарға қарамастан 2020-жылы ӨМГ кейбір стратегиялық жобаларды аяқтауға қол жеткізді.

Жыл аяғында Батыс Теңге кеңорнындағы мұнай жинау, дайындау және жіберу пунктіннің құрылысы

аяқталды. Аталған жинау пунктінде кен орыннан мұнай және газ өндіруге мүмкіншілік беретін технологиялық қондырғылар, буферлік сыйымдылықтар, пештер, сораптар орнатылған. Бұл құрылғы, аталған кен орыннан мұнай өндіруге ҚР Энергетика министрлігі тарапынан арнайы рұқсат алынғаннан кейін юра қабатының қорын сынау мақсатында 6 скважинаны (1,5,21,28,29,30) жоғарғы қабатқа аударуға мүмкіншілік береді. Аталған жұмыстардың тиімді жүргізілуі нәтижесінде ӨМГ қосымша мұнай мен өндіру көлемін ұлғайтуға қол жеткізеді.

Қабатқа айдалатын судың сапасын жақсарту мақсатында жоспарланған жобалар аясында, 2020-жылдың бірінші тоқсанында МСАААЦ-2 және

ақ барлық мұнай өндіру басқармаларының кәсіпшіліктеріндегі мұнай санау тораптарына жаңадан «Optimass» мұнай есептегіштерінің орнатылуы мұнай өндіру деңгейінің азаю себебін тез арада анықтауға мүмкіншілік беріп, соның арқасында істен шыққан скважиналарды анықтау уақыты айтарлықтай қысқарды.

Одан басқа 2020-жылы МДЖЖЦ цехының технологиялықүрдістерінавтоматтандыружүйесін модернизациялау жобасы аяқталды. Соның көмегімен МДЖЖЦ цехының нысандарының басқарылу деңгейі жоғарылады, технологиялық процестерді толық бақылау қамтамасыз етілді, тауарлы мұнайды дайындау жақсартылды, есептер мен графиктер процесі автоматтандырылды, сол арқылы адами фактор әсері азайтылды. Алдағы жылдарда осы тектес жобаларды №1,2 МСАААЦ-тарда іске асыру жоспарлануда, одан бөлек МГӨБ нысандарында орталықтандырылған үйлестіру пунктін енгізу жоспарлануда.

Жоғарыда аталған барлық шаралар ӨМГ үшін шығындарды азайту үшін міндетті болса да, компания үшін өте ауыр болды, себебі компания алдында «жұмысшыға жалақы төлеуге қаражатты қайдан табамыз?» деген маңызды сұрақ тұрды. Жалпы оңтайландыру шаралары жоспарланған



МДЖЖЦ цехтарындағы көлемі 20000м3 болат қазандардың құрылыстары аяқталды. Мұнай өндіру процесінде қабаттан алынатын ілеспе суды тұндыратын қосымша резервуарлық парк салу арқылы су тұндыру мерзімін ұлғайтты. Ілеспе суды тұндыру, су құрамында кездесетін қалдық мұнай көлемін 20-30 мг/л дейін азайтуға және су дайындау процесіндегі кездесетін механикалық қоспалар көлемін азайтуға мүмкіндік берді. Бұл жобалар толығымен аяқталған соң қабатқа жоғары сапалы су айдалатын болды. Өз кезегінде, бұл қабатқа су айдауға арналған агрегаттардың жөндеу аралық кезеңінің ұлғаюын қамтамасыз етеді.

Кен орынды цифрландыру бағыты бойынша 2020-жылы №4 МГӨБ-ке қарасты топтық қондырғылардағы сұйық өнімін өлшеу тораптарын қайта құрылымдау жұмыстары аяқталды. Сондай-

203,587 млрд.теңге операциялық шығынды 198,843 млрд.теңгеге азайтуға мүмкіншілік берді. Сол арқылы компания 2020-жылға жоспарлаған шығынын 86 млрд.теңгеден 19,524 млрд.теңгеге азайтты. Әрине, мұнай маркетингінің жақсаруын ӨМГ экономикалық блогының құзырындағы экспортқа шығарылатын мұнай көлемінің ұлғаюымен де байланысты екенін атап өткен жөн.

Дағдарыс тек қауіптер мен мүмкіндіктердің уақыты ғана емес, сонымен қатар оңтайландыру жұмыстарын іске асырудың тамаша жолы болып табылады. Осы 2021- жылдың өзінде ӨМГ жұмысқа деген көзқарасын өзгертті және экономика мен тиімділігі жағынан маңыздылығы жоғары жобаларды іске асыру үшін бөлінген бюджет шеңберінде қаражат бөледі қолға алды (*тиімділігі жоғары жобалар үшін*).

Өзіндік құны жоғары компания ретінде ӨМГ бүгінгі күні әлсіз жағдайда тұр, сондықтан болашақта компания тиімділікті арттыру жөніндегі жобаларға көп көңіл бөлінуіқажет.Бұлдегенімізскважиналардың жөндеу аралық кезеңін ұлғайту бойынша, электр энергиясын тұтынуды азайту бойынша, сораптық қондырғыларды жаңарту және заманауи жабдықтарға көшу бойынша, коррозияға төзімді құбырларды пайдалану бойынша 2020-жылғы және алдыңғы жылдарда жүргізілген жұмыстар нәтижесін ескере отырып, солардың ішіндегі ең тиімді жобаларды іске асыруға жұмыстану болып табылады.

Нұржан Әбдірахманов, бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары





## Дәрігер кеңесі

# Вирусты жеңудің бірден-бір жолы-вакцинация

Жаңаөзенде эпидемиология аса алаңдатарлық деңгейде. Коронавирустық инфекция әлі өз күшінде. Соңғы деректер бойынша қаламызда жыл басынан бері коронавирус инфекциясын жұқтырғандар саны көбейген. Маусым-шілде айларында, тіпті, өріш кетті. Қарқын алған вируспен күресу үшін қаладағы барлық емханаларда мобильді топ құрылып, әрбір науқас дәрігерлердің қадағалауында болып, онымен байланыста болғандармен жеуіелі жұмыстар жүргізілуде. Қаладағы инфекциялық ауруханада да қазіргі таңда орын жоқ. Өткен тәуліктің өзінде Маңғыстау облысы бойынша 267 адамнан коронавирус инфекциясы анықталды. 11 адам қайтыс болды. Бұл індеттің күн өткен сайын өріш бара жатқанын көрсетеді. Осы орайда сала мамандары не дейді? Биылғы инфекцияның былтырғымен салыстырғанда қандай клиникалық ерекшеліктері бар? Ауру белгісі анықталған жағдайда не істеу керек? Осы және өзге де сауалдар төңірегінде №1 қалалық емхананың дәрігерлерінің пікірін ұсынамыз.

**Қырмызы Балжанова, емдік-профилактикалық ісі жөніндегі директордың орынбасары**

—Бүгінгі күні жағдай көңіл көншітерлік емес. Емханада 39 мың адам тіркеуде тұр. Соның 90-ы ковидпен ауырған адамдармен байланыста болған. Жыл басынан бері 78 адамның вирус жұқтырғаны белгілі болып отыр. Олардың ішінде жүкті әйелдер де, бір жасқа дейінгі сәбилер де бар. Вирустық жеңудің бірден-бір жолы – вакцинация. Қазіргі таңда вакцинация науқаны әлем бойынша жүргізіліп жатыр. Әлеуметтік желі мәліметтеріне сүйене отырып, әлі де халық арасында пікір қайшылығы бар екеніне көзіміз жетіп отыр. Біздер, медицина қызметкерлері қанша жерден түсіндірме жұмыстарын жүргізгенмен, халықтың желідегі ақпараттарға сенім күшті болып тұр. Әйтсе де, вакцина алушылар саны күннен күнге артып келеді. Полиция, педагогтар, медқызметкерлер 100 пайыз вакцинациядан өтті. Халыққа айтарымыз, адам көп жиналатын жерлерге, той-жиынға бармағаны дұрыс, екпе алмағандарға екпе алуға кеңес береміз. Карантиннің ережелеріне барынша бағынып, қыдырыс пен жүгірісті азайтқаны абзал.

**Жанна Жұмадиева, күндізгі стационар дәрігері:**

—Мобильді топты емханадағы тіркеу бөлімі арқылы шақыртады. Қызуы көтерілсе, мобильді топпен кетеді. Былтырдан бастап құрамында дәрігер, медбике, фельдшер, жүргізушісі бар 8 мобильді топ құрылды. Тек күндізгі ауысымда істейміз. Ауру белгісі білінсе, мобильді топқа шақырту түседі. Егер де амбулаторлық емге жататын болса, ем тағайындалады. Үйіне барып ПЦР алады. Болмаса стационарға жеткізіледі. Дене қызуы көтеріліп, жөтеліп, енгіту болып жатса, мобильді бригадаға шақырту түседі. Басқа да шағымдары болса учаскелік дәрігерлер қарайды. Күнделікті патронажымыз ересектер мен балаларды үйіне барып қарайды.Күндізгі стационарға қант диабетімен, қан қысымымен, диспансерлік есепте тұратындар, 6 ай сайын жоспарлы ем қабылдайтындар түседі. Күндізгі стационарға күніне 10-15 науқас түсіп жатыр. Көптеген адамдар вирус тасымалдаушысы ретінде үйіндегілерге жұқтыруы мүмкін. Ауырған жағдайда, үйде жата бермеу керек. Барынша сақтық шараларын жасау керек.

**Талғат Қармысов, эпидемиолог**

—Қалада эпидемиологиялық жағдай ушығып тұр. Жыл басынан бері 500-ге жуық науқас тіркелсе, соның 9-ы коронавирустан қайтыс болған. Вирус шілде айында «қызыл» аймаққа кіргелі күшейіп кетті. Бұл ауру ешкімді аяп жатқан жоқ. Аурудан сақтанудың бірде-бір жолы – вакцинация. Екпе алған адам ауырып қалған жағдайда да, аурудың жеңіл өтетініне күмәніңіз болмасын. Қайтыс болғандардың бәрі де вакцина алмағандар. Ал вакцина алғандар арасында өлім-жітім тіркелген жоқ. Бұл екпе маңызының зор екенін көрсетіп тұр. Екпенің пайдасы кеше белгілі болған жоқ. Ежелгі заманнан екпенің пайдасы зор екені тарихтан белгілі. Бұрын қарапайым тұмаудың өзі адам өміріне қауіп төндіретіндей дәрежеде болғанын бәріміз жақсы білеміз... Тоқетері, «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара» отырып, екпе алып, індетті тоқтатуға үлес қосайық. Статистикаға сүйенетін болсақ, қала бойынша ақпан айынан бастап екпе алғандар саны – 12163 адамға жетті. Соның 3352-сі №1 емханадан алды. Вакцинацияның екінші компонентін қала бойынша алған адам саны – 5757 болып тұр. Науқастарды барынша оқшаулап жатырмыз. Оқшауланумен ғана аман қалуға болады.

**Мәншүк Мұратова, №1 қалалық емхана директоры**

—Инфекция күшейіп барады. Өкінішке орай, ересектермен қатар жас балалар арасында да өлім-жітім фактілері тіркелді. Жүкті әйелдерден де ковид анықталуда. Адам көп шоғырланатын жиналыс, жиын деген шараларды уақытша тоқтатып, үнемі маска киіп жүру керек деп есептеймін. Биылғы инфекция былтырғымен салыстырғанда клиникалық жағынан өзгеше болып тұр. Көбіне белгісі білінбей, өкпенің жартысынан көбі зақымдалып келеді. Бірден білдіртпей алып кетіп тұр. Осыдан екі күн бұрын рентгенге түскенде жақсы нәтиже көрсеткен өкпе, екі күннен кейін өкпе әжептәуір зақымдалған. Бұрынғы тұмау құсап дене қызуы көтерілуі байқалмайды. Өкпесі әбден жарамсыз кейін білінеді. Әрбір адам өзінің денсаулығын қатаң бақылауда ұстауы тиіс. Емханаларда әрбір тіркелген бес адамға мобильді топ құрылған. Оның құрамына жалпы тәжірибелі терапевт дәрігер, медбике не фельдшер, жүргізушісімен үшеу болады. Біздің емханада 8 мобильді топ, 4 көлік бар. Мобильді топтың мақсаты – ауруды дер кезінде анықтау, көмек көрсетіп, ауруханаға жатқызу. Коллорталық жұмыс істеп тұр. Демалу қабілетін бақылайды, қызуын өлшейді, көрсеткіші болса ПЦР тест алады, дене қызуын түсіреді. Тест оң нәтиже берген жағдайда үйіне дәрі-дәрмегін апарып береді. Науқас үйінде емделеді. Бригада мүшелері оның денсаулығын бақылап отырады. Егер жағдайы қайта нашарласа мобильді топ қайта барады. Провизорлық орталыққа апарыды. Күніне 2 рет бейнеқоңырау соғылады. Орталық ашылғанда 46 науқаспен бастағанбыз. 14 күннің ішінде бақылаудан алынып тасталады. Бүгінде бақылауда 16 науқас бар. Емханаға ауырып тіркелген адам саны азайғанмен, инфекциялық ауруханаға түсу көбейіп тұр. Қиын жағдай. Ауруханада орын жоқ. Орташа және жеңіл түрдегісі емханада бақылауда болуы тиіс. Қазіргі жағдайды саралай келе, ауруханада жататындар саны көбейіп тұр. Бұрын өкпенің қабынуы жөтелмен көрініс берсе, қазір іштің

**ӨЗІҢІЗДІ ЖӘНЕ ДОСТАРЫҢЫЗДЫ  
КОРОНАВИРУСТАН ҚОРҒАҢЫЗ**

Үлгілік медаль жолы – 1408

Қолыңызды жиі сабынмен жуыңыз (кемінде 20 сек.).

Жөтелгенде немесе түшкіргенде аузыңыз бен мұрныңызды жабу үшін бүгілген шынтақты немесе сұлықты қолданыңыз.



Жалпы суықтағанның немесе тұмаудың белгілері бар адамдармен тығыз байланыста болудан аулақ болыңыз.

Егер сізде қызба, жөтел немесе тыныс алу жолдарының қиындауы байқалса, дереу дәрігерге қаралыңыз.

www.koronavirus2020.kz

USAID

UNICEF

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

COVID-19

**«Өзенмұнайгаз» АҚ демеушілігімен провизорлық орталыққа құны 57 миллион 775 мың теңге тұратын модульді оттегі станциясы орнатылды. Қазіргі таңда сағатына 10 м3 таза оттегі өндіруге қауқарлы оттегі станциясына монтаждау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Енді аталмыш станция COVID-19 инфекциясын жұқтырып, пневмониямен науқастанған барлық пациенттерді бірден тиісті мөлшерде оттегімен қамтамасыз ететін болады. Алдағы уақытта науқастарға оттегі баллонын аяқтай тасымалдау қажеттілігі күн тәртібінен түседі.**



## «Балақайдың» тыныс-тіршілігі



Бүгінде «Балақай» оңалту орталығында 170-ке жуық бала ем қабылдап жатыр. Балдырғандар күнделікті үздіксіз жасалған жаттығулардың арқасында жақсы жетіліп келеді. Бұл әрине орталықта жұмыс істеп жатқан білікті де тәжірибелі мамандардың арқасы екені айтпаса да түсінікті.

ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық мәселелер жөніндегі ұлттық комиссияның төрайымы Ләззат Рамазанова, Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Бекбол Орынбасаров, Жаңаөзен қаласы әкімі Мақсат Ибағаров, «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Есен Өтеев, білім-инновация лицейінің директоры Ферхан Ялын, Шымкент қаласындағы «Ізгілікте жарысайық» қайырымдылық қоғамдық қорының президенті Асхат Мәуленовтер орталыққа арнайы бас сұғып, орталықтың тыныс-тіршілігімен жіті танысып, әңгімелесті. Олар орталық жұмысына оң баға беріп, медқызметкерлерге ерекше алғыстарын білдірді.

Шымкенттік қонақ біздің орталықтың тәжірибесіне сүйеніп, оңалту орталығын ашу жоспарда бар екенін айтты. Заман қанша құбылса да, жүрегінде адамға деген махаббат пен жылуы бар өзенмұнайгаздықтарға Алланың нұры жаусын!



## «Балақай» екі баланы аяғына тұрғызды

«Балақай» оңалту орталығында «ДЦП спастикалық диплегия» диагнозы қойылған Алтынбек Бердіғали мен Әбілқайыр Русланұлының атты балдырғандар аяғына тұрып, алғашқы қадамын жасады.

Алтынбектің тұсауын бас директор Есен Өтеев, ал Әбілқайыр баламыздың тұсауын №1 МГӨБ директоры Нұрбол Ділмағамбет кесті. Бас директордың адами ресурстарды басқару жөніндегі орынбасары Бауыржан

Мәмбетсапаев, Маңғыстау облыстық денсаулық сақтау басқармасы директорының уақытша міндетін атқарушы Ләззат Есенғалиева, орталық меңгерушісі Фатима Кенғанова балапандарға жылы лебізін білдірді.

Алтынбектің анасы Биялай Дұрысбаева, Әбілқайырдың әжесі орталық мамандары мен орталықтың ашылуына мұрындық болған өзенмұнайгаздық азаматтарға риясыз алғысын жеткізді. Компания мұнайшылары мен қала

тұрғындарының қаржылай демеушілігімен жұмыс істеп тұрған орталықтың азғантай уақыттың ішінде жақсы нәтижеге қол жеткізуі-біз үшін үлкен жетістік!

Қайырымдылық арқылы қамкөңіл балалардың жүрегіне ізгілік отын жаққан өзенмұнайгаздықтарға Алланың нұры жаусын! Ылайым, көз қуанышымыз, жүрегіміздің бір бөлшегі-ұрпағымыз аман болғай!





«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ



№5 (63) мамыр 2021 жыл



Ел ертеңі

# Баланы баптасаң, биікке ұшады



## Арманы-әлем чемпионы

№3 МГӨБ-ке қарасты Жерасты жабдыктарын жөндеу цехының №18 бригадасында қарапайым оператор болып жұмыс істейтін Нұрбол Жиенбаевтың отбасында 8 жасар Нұрас деген шахматтан болашақ әлем чемпионы өсіп жатыр. 2013-жылдың 11-қарашасында Қызылсай аулында дүниеге келген дарынды бала 5 жасынан бастап шахмат, тоғызқұмалақ ойнап, көзге түсе бастайды.



Қазіргі таңда, 7-8 жас балалар арасында облыс чемпионы титулын иемденген Нұрас болашақта шахматтан әлем чемпионы болуды армандайды. Негізі, адамға армандау үшін де қуат керек. Әлем социологтары қайсы бір этностың болашағын арманына қарап біледі. Несі бар?! «Болмасаң да ұқсап бақ» деп хәкім Абай айтпақшы, бүгінде қазақтан шыққан Дәрмен Сәдуақасов, Жансая Әбдімәлік, Динара Сәдуақасова, Бибісара Асаубаевалар әлемдік деңгейдегі мықтылармен шахмат ойнап, қазақ елін өзгелерге танытып қана қоймай, жастардың ақыл-ой спортына деген қызығушылығын оятып, елімізде ойлау қабілетін, ой ұшқырлығын арттыратын шахмат спортын дамытуға өлшеусіз үлес қосып жүрген жоқ па?!

## Әке қамқорлығы

«Бала деген бізге берген аманат. Аман-есен өсіріп, аяққа тұрғызып, білім беріп, талантын ұштау-әкешешенің басты міндеті»-дейді жас әке. Бір қызығы Нұрасстың өз жағында да, нағашы жағында да шахмат ойнаушылар жоқ боп шықты. Соңғы кездері баласы ойнағасын Нұрбол да шахматқа қызығушылық танытып, ойын ережесімен танысып алды. Әйтсе де, баласының дәрежесіне жету үшін әлі де тер төге түсу керек сияқты...

Бүгінгі күні жас шахматшы Ақтау қаласындағы «Дебют» шахмат мектебінде оқиды. Оның Қызылсайдағы алғашқы жетекшісі Дауылбек Жауымбаев еді. Қазіргі жаттықтырушы Әнуар Шайхымов болашағынан үлкен үміт күттіріп отырған Нұрастан отанды сүйетін рухты, намысты спортшы тәрбиелеп, еліміздің түкпір-түкпіріндегі турнирлерге жетелеп жүр. Жаңаөзендік шахматшы балаларға қиын да қызық ойынның қыр-сырын үйретіп, аянабай тер төгіп, оларды ұлтжанды азамат етіп өсіруге өлшеусіз үлес

қосып жүрген жаттықтырушы Әнуар Ескендірұлына спортшы балалардың әке-шешелері дән риза.

Талантты бала 2019-жылы Павлодар қаласында өткен 6 жасқа дейінгі, 2020-жылы 8 жасқа дейінгі ҚР чемпионаттарына қатысып, жүлделі орындар иеленді. Ол күні кеше Шымкент қаласында өткен 8 жасқа дейінгі 58 бала қатысқан чемпионатта 5-орынға ие болды. Чемпионның қоржынында бұдан бөлек қалалық, облыстық ірілі-ұсақты турнирлерге қатысып, жүлдегер ретінде алған 30 шақты медальдары мен дипломдары бар. Осыдан 2-3 жыл бұрын елордалық кәсіпкер Аян Ықылас қаламызда «Bahadur» шахмат мектебін ашып, қабілетті жас өрендердің сауабына қалды. Ел мүддесін, қара басының мүддесінен жоғары қойып, өзгелерге үлгі көрсетті.

## Нұрас жолы

Өмірдің қызығы тәтті тамақ пен әсем киім деп санайтын жастарға шахматпен айналысып, қоғамда өз жолын жасауға әрекет етіп жүрген Нұрас туралы мақаланы үлгі болса деген ниетпен деп жазып отырған жайымыз бар...Қазір заман білікті мен білімдінікі... Ақылмен, мимен жұмыс істеуге қабілетті Нұрас сияқты биікке ұмтылған жастарымыз көп болса, нұр үстіне нұр болар еді.

Ақыл-ой сайыстыратын шахматтың ақылға азық беретін пайдасы дүние екенін жақсы түсінетін «Өзенмұнайгаз» АҚ басшылығы «Маңғыстау мұнайына 60 жыл», Тәуелсіздікке 30 жыл мерейтойы қарсаңында өзенмұнайгаздық мұнайшылар арасында шахматтан турнир ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

Энергиямызды, күшіміз бен уақытымызды бала тәрбиесіне арнап, ұсақ, болмашы нәрселермен айналысуды доғарып, сапалы өмір сүруге қадам басайық. Бүгін өзіңді дамытсаңыз, ертең ел дамитынына күмәніңіз болмасын!



<https://www.facebook.com/OzenMunayGaz/>



Замандас бейнесі

# Жаныңда жүр жақсы адам



Мұнай саласында 30 жылдай жемісті еңбек етіп, ел ырысын еселеуге зор үлес қосып жүрген әріптесімізге Закария пайғамбардың есімін Бөрібай деген діндар атасы қойған еді. Марқұм ол кісі жыр, ескінің әңгіме сөзін жинаған, көнекөз қария болатын. «Нені де Алла өзі беріп, өзі алып, өзі орнына қояды. Соны ұқпай пендешілікке беріліп, құр күйіп-пісуден түк те өнбейді»-деп отырушы еді жарықтық...

Закария Ыбырайымұлы мұнайшылық кәсібімен бірге кәсіпкерлікпен айналысып, жетістікке жетіп жүрген жайы бар. «Әрекетке-берекет» демекші талаптанған жақсы ғой, алайда екеуін қатар алып жүрген қиындық тудырмай ма деген сауалымызға мақала кейіпкері «қиындықтан қашудың қиындықтан құтқармайтыны кешегі пандемия кезінде белгілі болып қалды. Кейбір азаматтардың кәсібі тоқтап, тоқырап қалды. Өнер

жолында жүрген азаматтар өздерінің той-домалақсыз дәрменсіз екенін ұқты. «Мұнайшымын» деп әшейінде төсін керіп жүрген бірқатар азаматтардың өздері қап-қап ұн жинап уайымға беріліп кеткені белгілі. Сондықтан, жалақыға сауынды сиырдай сеніп қалмай, «Жігітке жеті өнер де аз» демекші қолыңнан келсе, қосымша кәсіппен айналысқанға не жетсін» деп жауап берді.

Закария Еділовтің ұлы Нұржан өзге кәсіпкерлер сияқты мейрамхана, сауық орталықтарын салмай, қаламызға «Жақсы» спорт кешенін салып берді. Көрші түрікмен елінде туып-өскен Закария сол жақта жүріп бокспен айналысады. Өзге елде өскен ол қандастарының көз түрткі болып, қағажу көргенін де жасырмады. Баласының спорт кешенін салудағы мақсаты «қазақтың қарадомалақтары өз елінде алаңсыз өзі қалаған спорт түрімен айналыссын» деген әкесінің ниетімен қабысып жатқан болатын. Бүгінде қайырымды жандардың арқасында «Рахат» шағынауданында тұрып жатқан балалар спорт үйірмелеріне жазылып, хобби тауып, ерік-жігерін тәрбиелеп жатыр.

Қалада өтетін әртүрлі жиындарда басшысы бар, қосшысы бар қаламызда бой көтеруге тиіс мәдениет үйлерін әңгіме етіп, мәселе қылып көтеріп жүргенімізге де біраз уақыт болды. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында бүгінгідей аумалы-төкпелі заманда балалардың күш-жігері мен қызығушылығын дұрыс арнаға бағыттау аса маңызды екенін ескерткен болатын. Қаламызда шығармашылық үйірме, балаларға арналған әуесқой бірлестіктер

мен клубтар көптеп ашылып, жұмыс істеп тұрса нұр үстіне нұр болар еді. Нұржанның спорт мектебін ашып, ел игілігіне беруі-балалардың спорттық әлеуетін дамытуға қосқан өлшеусіз үлесі деп білеміз.

«Мұнай өндіріп отырған қаламызда желкілдепөсіп кележатқан балаларымызға арналған шығармашылық үйінің, заманауи кітапханалардың болмауы, спорт мектептерінің жеткіліксіздігі-осы елдің азаматы ретінде мені қатты қынжылтады. Әр баланың өмірлік күші, шығармашылық қуаты бар. Өзіндік қабілеті бар. Өкінішке орай, біз балаларымыздың талантын ұштап, қанатын кеңге жаюына мүмкіншілік бермей отырмыз. «Балам дейтін елің болмаса, елім дейтін балаң қайдан болсын»,-деп Ахмет Байтұрсынов айтпақшы, біз бүгін баланың интеллектуалды деңгейді көтеретін түрлі үйірмелері бар мәдени ошақтарды көптеп ашпасақ, ертең кеш қалуымыз әбден мүмкін»-дейді ақылды азамат.

«Жақсы» спорт кешенінің жанынан Нұржан Закарияұлының бастамасымен халық игілігі үшін «Анашым» тігін цехы ашылып, ісмер қыз-келіншектерге іс тігетін машиналары мен тегін жұмыс орны берілді. Қазіргі таңда, аталған цехта бірнеше тігіншілер жұмыс істеп, ақ адал еңбектерімен балаларының напақасын тауып отырған жайы бар. Маңғыстау облысының әкімі Серікбай Трұмовтың өзі қаладағы жұмыссыздық мәселесіне өз үлесін қосу мақсатында жасаған игі ісі үшін Нұржан Закарияұлының қолын алып, оның үлкен азаматтың іс жасағанына риза болып, кәсібінің алға өрлей беруіне тілектестік білдіріп, алғыс айтты.

Кезінде дүние-байлықты қолына емес, көкірегі мен санасына жинаған «дария кеуде, тау мүсін» қазына Молдағали, Алпысбай, Бөрібай, Сабырбек секілді көнекөз шалдардың әңгімесін естіп өскен Закария кез келген адамның көлігіне міне бермейтін кірпияз ақсақалдардан біраз нәрсені ұғып, көкейіне түйді. «Атаның сөзі-ақылдың көзі» демекші, Закарияға сол қасиетті қара шалдардың жолы сұйылып бара жатқандай көрінетіні бар кейде...

Аллаға шүкір бүгінде мұнайшы ағаның балалары үй болды, қызы тұрмысқа шықты. Сүп-сүйкімді, балдай тәтті немерелер мен жиендер өсіп келеді. «Жақсы» спорт кешенінің бой көтеруіне баласы Нұржан ұйытқы болды. Балаларының бәрі спортшы. Қызы Нұрсәуле каратэ-до дан талай мәрте жүлдегер атанып, бүгінде жаттықтырушы болып қызмет етіп жүр.

Құшағы кең, жүрегі жұмсақ әкелі-балалы асыл азаматтар бастаған игілікті істің өз жалғасын таба беретініне сеніміміз мол. Кішілік пен кісілікті ту етіп көтеріп, ұлттық мұрат жолында аянбай еңбек етіп жүрген азаматтарға Алланың нұры жаусын деген тілек айтамыз.



Бибігүл Бөбекбай





## Мұнайшылар шығармашылығы

Оқуға түсуді армандаған Инжу мінген ескі-жамау пойыз миллион тұрғыны бар N қаласына қарай сүйретіліп келеді. Өкіріп-бақырып, локомотиві эшелонды сілкіндіріп, әрең тоқтайтын пойыз жолаушылардың жүйкесіне тиіп келеді. Еліктің лағындай сүйкімді қыз айналаға жарқын жүзбен қарайды. Ерні кезеріп, аспаннан жауын тілеп жатқан жүдеу дала да сұлу бойжеткеннің көңіл күйін түсіре алмады.

Оның талабы таудай. Арманы асқақ. Мектепті үздік бітірген Инжу бұйырса, мединститутқа түсіп, дәрігер болады.

Күфеге билет алуға ақшасы болмай, поацкартты місе тұтқан оны шешесі мен інісі шығарып салды.

Ауылдан ұзап көрмеген Инжуге бәрі таңсық. Пойыздағы адамдарға таңырқай қарап, олардың әжің-күжің әңгімелеріне мұқият құлақ түреді... Арасында жалығып, ұзын дәліздің бойында жүріп, әрбір құжыраға көз салады.

Бұл мінген жетінші вагонның шеткі құжырасында қылғынып галстук тағынған егделеу кісі «насихатымыз вакцина, күресіміз ковид, қайғымыз қымбатшылық болып кетіп, бала тәрбиесі жайына қалды. Бағыт-бағдары бұлдыр, жоспары шикі немесе мүлдем жоқ, әйтеуір қолында кола мен уайфайы бар мәңгүрт жастар тобы өсіп келеді», - деп шыр-пыр болды... «Бала тәрбиесі туралы әңгіме айтқанына қарағанда дәу де болса, мұғалім болар» - деп ой түйді Инжу.

Келесі құжырадағы тапалтақ кісі тіптен шақар болып шықты... Түріне қарасаң арақ өтіп кеткен біреу сияқты... Әліне қарамай саясатты сапырып отыр... «Путин соңғы 20 жылда болашағы жоқ, өткенін аңсап өмір сүретін науқас қоғам қалыптастырды» - деп қояды... «Елдегі саяси ахуалды өзгертетін ел-жұрт ұйқыда, бірікпейді деп қатты қапа болды. Арасында «Америка мен Еуропаны құрту керек» - деп жұдырық түйіп қояды...

Келесі құжырадағы екі қатын вагонда өздерінен басқа адам жоқтай самбырлап сөйлеп келеді... Инжудің құлағына «күйеуінің ізін аңдып жүрген бейшара қатын» - деген сөз жетті... Екеуі жер-көрді әңгіме етті... Бір әншінің ішкен-жегені мен жақында өткен той-томалақты қозғады. Кит-пит пен үйдің өмірі бітпейтін ремонттың жыр етті. Үнемі саяхаттап жүретін елдің ақшаны қайдан алатынына қайран қалысып, бас шайқап, таңдай қағысты...

Өзімен жылы жымыып амандасқан Инжудің көршісі психолог болып шықты... «Тисе терекке, тимесе бұтаққа» деп сөйлей беретін қызық

адам екен...

«Жастар отбасы шаттығынан бұрын материалдық игіліктерге қол жеткізіп, аста-төк өмір сүрудің қамын көбірек күйттейді... ондай тұрмыс бірден бола қоймайды... Адам психологиясы жеңіл қол жеткізетін, еңбексіз ләззат алатын нәрселерге бейім екені белгілі - деп бір қойды...

«Қазіргі заманда жанарында мазмұн қалмаған, жүрегі тоңған жан-дарды көптеп кездестіруге болады. Адамдардың бәрі бақытсыз, бәрі де амалсыздан әлдекімнің рөлін ойнап жүр... Жалпы адам әр сағат сайын жымыып, бақытты жанның кейпіне еніп тұруы керек...» - деді...

# Пойызда (әңгіме)

«Адам өмірінің мақсаты-өзін дамыту, ішкі әлеуетін ашу. Өкінішке орай, өмірде жай ғана ішпыстыратын ажалды пенделер өте көп» - деп жеңіл күрсінді...

«Адамның бәріне ұнау мүмкін емес. Қазақта «жұлдыздары қарсы» деген сөз бар. Алғаш көрген адамдар бір бірін бірден жек көруі мүмкін... Бұл енді адам психикасының бізге беймәлім тылсымы...» - деп күлімсіреді...

«Жан дүниеміз бен миымызды өкпе, реніш, қызғаныш, арамдық, күнә сынды микробтардан, өне бойымызды дертті қылып, жүректі қатайтатын жаман сөзден тазартып тұрайық» - деп қызулана сөйледі...

«Жан-дүниесі мылқау, меңіреу адамдар болады. Олар бекер жер таптайды, бекер су ішеді, бекер нан тауысады... Елді азып-тозудан руханилық қана құтқарады. Адам жанының экологиясы туралы дабыл қағу керек... Адамзат баласының басым бөлігінің өмірі асхана мен әжетхананың арасында өтетіні өкінішті-ақ» - деп бір тоқтады...

«Қазіргі оқырманды рухани дүниеден гөрі өткінші өсек-аяң көбірек қызықтырады. Кейбір жазушылар осындай тобырға арнап жазды... Ең даусы ондай өсекке назар аудармауға күш салуға дағдылану... Біздің ешкімнің төсегіне үңілуге қақымыз жоқ...» - деп соқты...

-Мәселен, менің өзгенің пікіріне иммунитетім күшті. Мен тек жаңа ойдың жетегінде өмір сүремін... деп өзін мақтап қояды да ұмытқан жоқ.

Қастарындағы екі еркек өжеңдеп сөйлесуге көшті... «Вакцина де-



Қастарындағы еркін, ерке әйел «жан-жақтың бәрі психолог. «Андай бол, мұндай бол» деп ақылын үйіп-төгіп, анталап тұр» - деп сыңғырлай күлді... Әдемі әйелдің байы болса керек-ті, тамақтың асылын ішіп, аттың арғымағын мініп жүрген байдың баласы сияқты шіреніп отырған кексе еркек «Машина-дүние-машина-дүние... Басқа ештеңе ойламайтын болды бұл жұрт. Байып кетті бұл жұрт» - деп өз бабында отыр...

«Біз қызықпыз. Әлі күнге дейін адамдар бір бірінің үйіне барса, мата апарды. Бұрын түсінікті. Сол матадан киім тігіп алатын. Қазір не үшін бір біріне мата таситыны белгісіз» - деді психолог вагонды бір айналып, өз орнына қайтып келген Инжуге тесіле қарап...

Инжудің күйі адамдарды тиеген мына пойыздан түсіп, аяқ астында шытырлап жатқан жапырақтарды басып оңаша серуендегі келіп кетті... Сөз деп сүйкеніп тұрған адамдардың был-шылбай әңгімелерінен жалықты... Бүгінгі күннің аш ішектей шұбатылып, таусылатын түрі жоқтығына налыды.

Елдің аузына қақпақ қоя алмай-тынын түсінді. Қолындағы сөмкесінен қытайдың мың бір ұсағын шығарып, етектей жайылған семіз сатушы кіріп келді. Жай келген жоқ, сөйлей келді... Өзі Димашқа риза «адамзат сүйген перзентке айналды, тіл-көзден сақтасын. Әлемді қазақша ыңылдатып қойды» - деп қояды жымыып... Естісең ертегідей, айтсаң аңыздай...

Инжу ойы жоқ, сөзі бекер, әңгіме айта алмайтын, тек мылжыңдайтын адамдардың көптігіне қайран қалды... Қалжырап шаршады... Бүркеніп жатып алып, қалың ұйқыға кетуді ойлады... Оның ойын растағандай басы мен жанын лас қоқысқа толтырып алған адамдарды ауырсынғандай пойыз ыңырсыған жаралы аңның даусына ұқсас дыбыс шығарды... Қыздың өзіне де, пойызға да жаны ашып кетті...

Бибігүл Бөбекбай





№5 (63) мамыр 2021 жыл



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ



## Құрметті Бисенбай Жиенғалиұлы!

Сізді 63 жасқа толып, құрмет демалысына шығуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Өзіңізді әріптестеріңіз Өзен кен орнын дамытуда өлшеусіз үлес қосып, ел игілігі үшін жемісті еңбек еткен қадірлі жан ретінде құрметтейді. Ел игілігі үшін 20 жылдай абыройлы еңбек еткен Сізге Алланың нұры жаусын!

Өмір өткен күндерімен емес, есте қалған күндерімен маңызды демекші, өміріңіз түрлі жаңалықтар мен қызықты оқиғаларға толы болсын! Ең бастысы, аман жүріңіз. Қара жан ұясында болса, бәрі орнына келеді.

Алла тағала баянды да бақытты ғұмыр нәсіп етсін! Мереке берекеге ұласа бергей!

Ізгі тілекпен, ХжЭБ еңбек ұжымы



Қоғам айнасы

## Кино-адамды өзгертеді



Назарыңызға ағылшын режиссері Филип Сэнсомның «Қара құрдым» қысқаметражды фильмін ұсынамыз. Аталған туында адам санасын 180 градусқа өзгертіп жібереді...

Кеңсе қызметкері қағаз көшірмесін жасайтын құрылғымен жұмыс істеп тұрады. Құрылғы істен шығады... Шаршап, жүйкесі жұқарып тұрған жігіт ызаланып, құрылғыны теуіп-теуіп жібереді. Сол сәтті құрылғы ортасында үлкен қара дөңгелек суреті бар ерекше қағазды басып шығарады. Кейіпкер бастапқыда қағазға мән бермейді. Қағаздағы қара дөңгелек үстіне қойылған кесені жұтып қояды. Өз көзіне өзі сенбеген жігіт қолын апарып еді, қолы қағаздың ішіне оп-оңай кіріп кетті де кесесін алып шықты. Міне, ғажап! Қалжыраған қызметкерге қанат бітіп, көзі шырадай жанады. Сауда дүңгіршігіне барып, сиқырлы қағазын жапсырып, иесі жоқ жерден тәтті шоколадты оп-оңай алып шығады. Енді оның көзі бастықтың кабинетінде тұрған сейфке түседі. Тау болып үйілген ақша таусылар емес. Елірген жігіт сиқырлы қағаздың ішіне басын тығып, жанталасып кетеді. Жан-жағындағының бәрін жалмаған «қарақшы қағаз» ашкөз пенденің өзін де жұтып қояды...

Тамаша идеяны өзек еткен өміршең туындыны Сіз де көріңіз... Өкіңбейсіз!



Көңіл айту

«Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігінің мүшесі, мұнай-газ саласының ардақты ардагері Қанатбай Ибағаров 68 жасында дүниеден өтті.

Ол 1974-жылы Ашхабад қаласындағы Түрікмен политехникалық институтын бітіріп, «Наип газ» кен орнында «Ачак газ өндіру» басқармасының газконденсат дайындау қондырғысы, скважиналарды зерттеу операторы, «Ачак» бұрғылау басқармасының геологы, «Маңғышлақ газ өндіру» басқармасында скважиналарды зерттеу шебері, геология бөлімінің бастығы, бас геолог-мекеме басшысының орынбасары қызметін атқарды.

Білік пен білімге сүйеніп, мол тәжірибе жинақтаған майталман мұнайшы «Қарашығанақ газ өнеркәсібі» акционерлік қоғамы президентінің геология бойынша орынбасары, президенті қызметтерін адал атқарып, «Қарашығанақ» мұнай-газ кен орнын игеруге өлшеусіз үлес қосып, жемісті еңбек етті.

Ардақты азамат шетелдік «Қарашығанақмұнай операциялық», «Маерск Ойл» компанияларында, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінде атағынан ат үркетін небір мансаптарды иелене жүріп, кісілігі



мен кішілігін жоғалтпады.

Қанатбайдың мұнай саласындағы ерен еңбегі жоғары бағаланып, «Қазақстан мұнайына 100 жыл», «Қазақстан мұнайына 120 жыл», «Өзен мұнайының 50 жылдығы», «Қарашығанақ кен орнына 20 жыл», «Қазақстан Республикасы Энергетикаминистрлігіндегі мұнай-газ кен

орындарын барлау және игеру орталық комиссиясына 20 жыл» медальдарымен, ҚР Энергетика министрлігінің, мұнай-газ саласы компанияларының мақтау грамоталарымен марапатталды.

Күні кешеге дейін еңбекқор жан «Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігінің мүшесі, ҚР Энергетика министрлігі жанындағы «Мұнай-газ кен орындарын барлау және игеру орталық комиссиясының» сарапшысы қызметтерін абыроймен атқарды.

Ажалға дауа бар ма?! Қанатбайдай жақсының арамыздан кеткені жанымызға қатты батады. Жалғанда бәріміздің қонақ екенімізді, өмірдің өткініші екенін білсек те, көңіліміз жабырқап, қимаймыз...

Өмірден өткен адамның тумаластарына көңіл айту, сабырға шақыру, жұбату - мұсылмандық парыз екенін білгендіктен, марқұмға Жаратқан ие өзі жар болып, жатқан жері жұмақтың төрі болғай деп дұға ете отырып, отбасының, ағайын-тумаластарының қайғысына ортақтасып, көңіл білдіреміз.

Ісімен, өнегесімен үлгі болған марқұмның жарқын бейнесі біздің жүрегімізде сақталады.

Көңіл білдірушілер,  
«Өзенмұнайгаз» АҚ еңбек ұжымы



ҚАУІПСІЗДІК БЕЛДІКТЕРІН  
БЕКІТІҢІЗ!

## Оймақтай ой

«Адам мұны ойлап пікір қылу керек. Ұшқан құсты торға түсіретін, жүгірген аңды орға түсіретін тамақ екен. Жұтқын тамағына ие болған адам торға да түспейді, орға да түспейді. Осы күнгі «Адаммын!» деп жүрген адамдардың жауы иегінің астында болып кетті. «Ол жауы не?» - десеніз, жұтқын тамақ! Жалғанда мазаққа, ақыретте азапқа түсіретін-тамақ. Тамақтан тартылған-бәрінен де халас болады».

Мәшһүр  
Жүсіп



«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

Меншік иесі: «Өзенмұнайгаз» АҚ  
Редакция мекен-жайы:  
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қ.,  
Сәтбаев көш, 3-үй, 426-кабинет

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінде есепке алынып, №15077-Г куәлігі берілген

Жобаның жетекшісі  
Жұртшылықпен байланыс департаменті  
Бас редактор **Бибігүл Бөбекбай**  
Пошталық мекен-жай: Psdso@umg.kmper.kz  
Журналист **Айнагүл Күшікбай**  
Пошталық мекен-жай: zhzh-zhurnal@mail.ru  
Сарша Сүгірәлі, gauhar.kenshilik@gmail.com

«АртДизайн» ЖШС  
баспаханасында басылып шығарылды  
130000, Қазақстан Республикасы, Ақтау қаласы 17 ша,  
«Дукат» ғимараты, 1-мұнара, 0/3 кеңсе  
Тел: +7 (7292) 525-500  
Таралымы: 3000 дана  
Газет 2016 жылдың тамыз айынан шыға бастады  
айына бір рет шығады



<https://www.facebook.com/OzenMunayGaz/>